

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттері туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 24 желтоқсандағы N 1312 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттері туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің төрағасы Бердібек Мәшбекұлы Сапарбаевқа Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттері туралы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат ете отырып, қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттері туралы Келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі,

1997 жылғы 8 сәуірдегі Қырғыз Республикасы мен Қазақстан Республикасының арасындағы Мәңгілік достық туралы шартты, 1998 жылғы 25 қарашадағы Достастыққа кірмейтін мемлекеттермен жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің шекарасы арқылы өткізу пункттерінде шекаралық бақылау саласында шекара маңындағы әскерлердің ынтымақтастығы туралы келісімді және 2000 жылғы 30 қарашадағы Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы азаматтардың өзара визасыз сапарлары туралы келісімді дамыту үшін,

Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының арасында тату көршілестік,

достық және ынтымақтастық қатынастарын дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында,

өзара экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің өмірлік маңызы бар мүдделерін негізге ала отырып,

тең құқықтық пен өзара тиімділік қағидаттарының негізінде ынтымақтастық пен сауданы барынша дамытуға арналған жағдайлар жасауға ұмтылысты, заңсыз көші-қонды, қару-жарақтың, оқ-дәрілердің, есірткі құралдарының, психотроптық және улаушы заттар мен прекурсорлардың контрабандасын анықтау және жолын кесу мақсатында қазақстан-қырғыз мемлекеттік шекарасы арқылы адамдарды, тауарларды және көлік құралдарын өткізу тәртібін жетілдіру қажеттілігін басшылыққа ала отырып, мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Қазақстан-қырғыз мемлекеттік шекарасы арқылы адамдарды, тауарлар мен көлік құралдарын өткізу үшін Тараптар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын Қосымшада көрсетілген мемлекеттік шекара арқылы көп жақты және екі жақты өткізу пункттерін (бұдан әрі - өткізу пункттері) орналастыруды шешті.

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес Тараптар мемлекеттерінің азаматтары үшін жеке өткізу пункттерін орналастыруы мүмкін.

Көп жақты өткізу пункттері Тараптар мемлекеттерінің және басқа да мемлекеттердің адамдарын, тауарлары мен көлік құралдарын өткізуді жүзеге асырады.

Екі жақты өткізу пункттері Тараптар мемлекеттерінің адамдарын, тауарлары мен көлік құралдарын өткізуді жүзеге асырады.

Өткізу пункттерінің жұмыс тәртібі Тараптар мемлекеттерінің шекаралық, кедендік және басқа да мүдделі органдарының арасында келісім бойынша белгіленеді.

2-бап

Тараптар мемлекеттері өткізу пункттерінің жұмыс режимі осы Келісімге Қосымшаға сәйкес белгіленеді.

Өткізу пункттерінің жұмыс режимі мен тәртібінің сақталуына бақылау Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына, өздері қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес белгіленеді.

3-бап

Адамдарды, тауарлар мен көлік құралдарын шекаралық, кедендік және басқа да бақылау түрлері (бұдан әрі - бақылау) Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына және өздері қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес өткізу

пункттерінде жүзеге асырылады.

Қажет болған жағдайда, Тараптар бірлескен бақылау жүргізу үшін жағдайлар жасайды. Бірлескен бақылауды ұйымдастыру мен жүзеге асырудың тәртібі Тараптар мемлекеттерінің шекаралық, кедендік және басқа да мүдделі органдарының арасындағы жеке уағдаластықтармен айқындалатын болады.

4-бап

Өткізу пункттерінде тиісті қызметін қамтамасыз ету үшін Тараптардың әрқайсысы өз мемлекетінің аумағында қажетті инфрақұрылым құрады.

Егер өткізу пунктінде бірлескен бақылау жүргізу мүмкіндігі көзделген жағдайда, өткізу пункттерін жобалау мен құрылысын салу Тараптардың өзара келісімі бойынша жүзеге асырылады.

5-бап

Өткізу пункттерін ашу және жабу немесе олардың мәртебесін өзгерту Тараптармен дипломатиялық арналар бойынша келісіледі және осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделеді және аталған Келісімнің 10-бабына сәйкес күшіне енеді.

6-бап

Ерекше жағдайларда Тараптар мемлекеттерінің шекаралық және кедендік ведомстволары өзара уағдаластық бойынша белгіленген бақылау тәртібін сақтай отырып, мемлекеттік шекара арқылы адамдарды, тауарлар мен көлік құралдарын жұмыс істеп тұрған өткізу пункттерінен тыс өткізуді жүзеге асыруы не өткізу пункттері арқылы қозғалысты тоқтатуы мүмкін.

Мұндай шектеулерді енгізетін не өткізу пункттерінен тыс қозғалысты белгілейтін Тарап оларды енгізудің жоспарланып отырған уақытына дейін 24 сағаттан кешіктірмей себептері мен оларды қолдану мерзімдерін көрсете отырып, екінші Тарапты дипломатиялық арналар бойынша хабардар етеді.

Тараптар бірін-бірі объектілерді - өткізу пункттерін немесе коммуникациялық құрылыстарды жоспарлы жөндеуге (қайта құруға) байланысты мемлекеттік шекара арқылы жекелеген өткізу пункттерінде қозғалысты шектеу немесе тоқтату туралы жұмыстар басталғанға дейін 30 тәуліктен кешіктірмей хабардар ететін болады.

7-бап

Осы Келісім Тараптардың өздері қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттар бойынша құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

8-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін және аталған Келісімнің 10-бабында көзделген тәртіппен күшіне енетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

9-бап

Осы Келісімнің ережелерін қолдану мен түсіндіру жөнінде даулар және келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды келіссөздер немесе консультациялар жолымен шешеді.

10-бап

Осы Келісім Тараптардың ол күшіне ену үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағандығы туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім бес жыл бойы қолданылады және егер Тараптардың бірі кезекті бес жылдық мерзім аяқталғанға дейін 6 айдан кешіктірмей өзінің оның қолданысын тоқтату ниеті туралы екінші Тарапты хабардар етпесе, кейінгі бес жылдық мерзімдерге өздігінен ұзартылатын болады.

Осы Келісім Тараптардың бірі екінші Тараптың тиісті жазбаша хабарламасын алғаннан кейін алты ай өткен соң өз қолданысын тоқтатады.

2003 жылғы "___" желтоқсанда Астана қаласында әрқайсысы қазақ, қырғыз және орыс тілдеріндегі екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндер бірдей күшке ие.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру мақсаттары үшін орыс тіліндегі мәтін пайдаланылады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Қырғыз Республикасының
Үкіметі үшін*

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттері туралы келісімге қосымша

№	Қырғыз Республикасы өткізу	Қырғыз Республикасында орналас.	Қазақстан Республикасы өткізу пункттерінің	Қазақстан Республикасында орналасқан	Өткізу пункте.	Жұмыс режимі рінің мәрте.
---	----------------------------------	---------------------------------------	---	--	-------------------	------------------------------------

пунктте. қан атауы жері бесі
 р і н і ң ж е р і
 а т а у ы

1	Қарқара - автожол. дық ны	Ыстықкөл облысы Түп ауда. ралық	Кеген - автожол. дық	Алматы облы. сы, Райымбек ауданы	көп жақты халықа.	тәуліктің жарық уақыты
2	Тоқмақ - автожол. дық	Шу облысы, Шу ауданы	Сарытөбе - автожол. дық	Жамбыл облы. сы, Қордай	екі жақты	тәулік бойы
3	Кең-Бұлын- автожол. дық ауданы	Шу облысы, Ыстық- ауданы	Аухатты автожол. атын	Жамбыл облысы, дық	екі жақты	тәулік бойы Қордай
4	Ақтілек - автожол. дық ауданы	Шу облысы Ыстық- атын ауданы	Қордай - автожол. дық ралық	Жамбыл облысы, Қордай	көп жақты	тәулік бойы халықа.
5	Ақжол - автожол. дық	Шу облысы Аламұдын ауданы	Қордай - автожолдық ралық	Жамбыл облысы, Қордай	көп жақты	тәулік бойы халықа.
6	Камашинов. ка - авто. жолдық	Шу облысы Соқұлық ауданы	Камашинов. ка - авто. жолдық	Жамбыл облысы, Қордай	екі жақты	тәуліктің жарық уақыты
7	Шалдыбар - автожолдық	Шу облысы Панфилов ауданы	Нововоскре. сеновка автожолдық лық	Жамбыл облысы, Мерке	көп жақты	тәулік бойы халықара.
8	Шоң қақпа- автожолдық ауданы	Талас облысы, Манас ауданы	Айша бибі - автожолдық лық	Жамбыл облысы, Жамбыл	көп жақты	тәулік бойы халықара.
9	Кіші қақпа- автожолдық ауданы	Талас облысы, Манас ауданы	Бесағаш автожолдық	Жамбыл облысы,	екі жақты	тәулік бойы Жамбыл

10	Қайынды - теміржол. дық	Шу облысы Қайынды қтк ауданы	Мерке - теміржолдық лық	Жамбыл облысы, Мерке	көп жақты халықара.	тәулік бойы
11	Көпқурай - автожолдық ауданы	Талас облысы ауданы	Алатау - автожолдық Қ а р а б у р а	Жамбыл облысы,	екі жақты Ж а м б ы л	тәулік бойы
12	Жайыл - автожолдық	Шу облысы ауданы	Жайыл - автожолдық	Жамбыл облысы	екі жақты	тәулік бойы
